



МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ
БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ
ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ
НУСҚАУШЫЛАРЫ
АССОЦИАЦИЯСЫ



«Ұлттық зияткерлік ойындар» республикалық ғылыми-практикалық конференциясына шақырамыз!

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы (бұдан әрі – Орталық) бұқаралық спорт және дене шынықтыруды насихаттауға бағытталған мемлекетіміздің мақсатты саясатын жүзеге асыруда ағымдағы жылдың 29 қарашасында Қазақстан Республикасының Ұлттық музейінде «Ұлттық зияткерлік ойындар» республикалық ғылыми-практикалық конференциясын өткізеді.

Мақсаты: Ұлттық спорт түрлерін дамытуда мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене тәрбиесі нұсқаушылары мен педагогтерінің теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын жетілдіру.

Еліміздің мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының бағдарламасына енгізілген ұлттық ойындардың насихатталуы - балалардың да, ересек адамның да зияткерлік қабілетін дамытуда, танымдық деңгейін кеңейтуде дене қозғалысы мен стратегиялық ойлау дағдысын қалыптастыруда маңызы зор. Конференцияда үздіксіз ізденістегі ғалым педагогтер ұлттық спорт ойындары тақырыптарын кеңінен талқылайтын болады.

Ұлттық ойындарды насихаттаушы ойын авторларының көрмесін және «Бестемше» ұлттық ойынынан жарысты тамашалауға мүмкіндіктеріңіз бар. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогикалық-психологиялық әдістерін терең зерттеп, көпшілікке ұсынып жүрген ғалымдармен кездесу мүмкіндігін жіберіп алмаңыз.

Конференцияның өткізілетін күні/уақыты: 29 қараша 2024 жыл / сағат 10.00
өткізілетін орны: Астана қ., Тәуелсіздік даңғылы, 54 / Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің конференц залы

QR кодты камера арқылы сканерлеп,
семинар бағдарламасымен
танысуыңызға болады

